

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 49-2 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 17 маусымда № 3230 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 тамыздағы № 74-2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 13.08.2020 № 74-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Алакөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Алакөл ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек **б е р і л с і н .**

2. "Алакөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қосантаева Ләззәт Сейітәшімовнаға осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында **ж а р и я л а у жүктелсін.**

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алакөл аудандық мәслихатының "Әлеуметтік даму және депутаттық өкілеттілік жөніндегі" тұрақты комиссиясына **ж ү к т е л с і н .**

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының Төрағасы  
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Байбазаров С. М.  
Сейрбаев Б. Т.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК